

Мионг С.О., Нурпеисова М.А.

Ким Сың Оқтың «Сеул, 1964 жылғы қыс» әңгімесіндегі кейіпкерлер жүйесі

Мақала 1960 жылдар әдебиетінің майталманы атағына ие болған көрнекті корей жазушысы Ким Сың Оқтың ең басты, әрі ең танымал туындысы – «Сеул, 1964 жылғы қыс» әңгімесіндегі кейіпкерлер жүйесін зерттеуге арналған. Жазушы өзінің бұл әңгімесінде жеке адамдардың өмірі мен тағдырын сипаттап, олардың арасындағы өзара қарым-қатынас пен байланыстың күрделі жақтарын шынайы бейнелеу арқылы өткен ғасырдың алпысыншы жылдарындағы капиталистік корей қоғамында орын алған адамдар арасындағы қарым-қатынастағы дағдарысты, қиындықтар мен кедергілерді, жалғыздық, шарасыздық, дүниешілдік, дарақылық, жатсыну, өгейлену сияқты психологиялық-әлеуметтік мәселелерді тереңінен қозғайды.

Түйін сөздер: Ким Сың Ок шығармашылығы, 1960 жылдардағы корей көркем шығармалары, бейне-кейіпкерлер жүйесі, авторлық идея.

Myong S.O., Nurpeissova M.A.

The System of Characters in Kim Seung Ok's story «Seoul, The Winter of 1964»

This article is devoted to the study of system of the characters in the main and famous story «Seoul, The Winter of 1964» by the remarkable writer of Korea in 1960s Kim Seung Ok. In this story Kim Seung Ok keenly reveals psycho-social problems that were existed in capitalist Korean society during the 1960s, such as crisis of human relationship, alienation from society, hopelessness, uncertainty, confusion and discourtesy by describing and portraying the lives and fates of each character, as well as relationship between them.

Key words: Kim Seung Ok's narrations, korean fiction of 1960s, system of characters, authorial idea.

Мионг С.О., Нурпеисова М.А.

Система персонажей в рассказе «Сеул, Зима 1964» Ким Сын Ока

Статья посвящена исследованию системы персонажей самого главного и известного произведения лучшего писателя Кореи 1960-х годов Ким Сын Ока – рассказа «Сеул, Зима 1964». Описывая и изображая жизнь и судьбу каждого героя, а также их взаимоотношения, Ким Сын Ок раскрывает социально-психологические проблемы капиталистического общества Кореи в 60-х годах XX века, такие как кризис человеческого отношения, отчуждение от социума, безысходность, неопределённость, растерянность, невоспитанность и т.п.

Ключевые слова: произведение Ким Сын Ока, корейское художественное произведение 1960-х годов, система образов-персонажей, авторская идея.

**КИМ СЫҢ ОҚТЫҢ
«СЕУЛ, 1964 ЖЫЛҒЫ
ҚЫС» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ
КЕЙІПКЕРЛЕР ЖҮЙЕСІ**

Өткен ғасырдың екінші жартысының алғашқы кезеңі корей халқының басынан өткен ең қиын-қыстау кезеңдердің бірі болды. Билік үшін елдегі ішкі талас-тартыстың кесірінен ағайынтуыс екі жұрт болып бөлініп, бір-бірімен соғысты. Ақыры әкесі мен баласы екі елдің, яғни оңтүстік пен солтүстіктің азаматы болып, бірімен бірі көрісе алмайтын жағдайға да жетті. Ұрпақ санасын улаған қайғы корей азаматтарының өз өмірлерінің мәні мен мақсатын, қоғамдағы міндеттері мен орнын ұғына алмау мәселелерін тудырып, олардың тұлға ретінде қалыптасуына кері әсерін тигізді. Оған қоса, 1960 жылдары Оңтүстік Кореяда капитализмнің пайда болуы мен дамуы қоғам өміріне ықпалын тигізбей қоймады. Корей халқы өздерінің өмір сүру қалпын өзгертулеріне тура келді. Рухани құндылыққа қарағанда материалдық құндылыққа аса көңіл бөлу адамдардың ішкі жан-дүниесінің дағдарысына әкеліп соқтырды. Кейбіреулері өз мұңдарын іштей тыйып, мәнсіз болса да заман ағымына сай алдамшы өмірлерін жалғастыруды таңдаса, кейбіреулері мұндай күйзеліске шыдай алмай өз өмірлерін өздері қиюды немесе қоршаған ортадан оқшауланып, өз әлемінде өмір сүруді жөн көрді.

Әрбір кезеңнің тарихы әдебиетте көрініс табатындай жоғарыда ескерілген оқиғалар да әдебиетте орын алды. Алайда, «әдеби туынды басқа да көркемөнер секілді объективті шындықтың субъективті бейнесі» (Есин, 2000: 4). Сондықтан шынайы өмірде болған сол заман оқиғасы әр жазушының өзіндік тұлғалық ерекшелігіне, дүниетанымына, шеберлік қабілетіне, сондай-ақ, оқиға болып жатқан уақыт пен кеңістікке, әлеуметтік ортаға сай әртүрлі сипатта баяндалды. Сонымен қатар, сол кездегі халықтың өмірі мен жағдайын өздерінің көркем шығармаларында шебер суреттеп, жырлаған жазушылар да аз емес болды. Олардың ішінде «1960 жылдар әдебиетінің майталманы» (Чон, 1983: 425) атағына ие болған ерекше тұлғалардың бірі – қаламгер Ким Сың Ок. Ким Сың Ок шығармаларының тақырыбы алуан түрлі адам мәселесімен байланысы бар ауқымы кең оқиғалар. Қаламгерді ерекше тұлға, көрнекті жазушы ретінде көрсете білген басты туынды – «Сеул, 1964 жылғы қыс» әңгімесі. Жазушы өзінің бұл әңгімесінде жеке адамдардың өмірі мен тағдырын сипаттау арқылы қоғамдық өмірдің терең қыр-

сырларына үңіліп, адамдардың бұл өмірдегі орны мен мәнін, сондай-ақ, олардың арасындағы қарым-қатынастардың күрделі жақтарын шынайы көрсете білген.

«Адам бейнесі – көркем туындының басты объектісі, әрі субъектісі болып табылады» (Гуськов, 2010: 7) дейтіндей, бұл әңгіменің басты бейнелеу субъектісі – адам, ал объектісі – олардың арасындағы қарым-қатынас болғандықтан, мұндағы кейіпкерлердің бейнесі мен олардың байланыс жүйесі – кеңінен зерттелуді қажет ететін өзекті мәселе болып табылады.

Көркем шығармадағы кейіпкерлер өздерінің өмірлік көзқарастарының ұқсастығы мен айырмашылықтарына байланысты бір-бірімен туыстық, достық, махаббат, іскерлік қарым-қатынаста немесе дұшпандық пен араздық секілді талас-тартыс пен қарама-қайшылықта болып, өзара ықпалдасып, күрделі тұтастық ретінде кейіпкерлер жүйесін құрайды. Кейіпкерлер жүйесі – көркем шығарманың сюжет, шығарма тілі секілді пішін категориясының бір аспектісі ретінде шығарманың композициялық құрылысы мен даму сатысын айқындап, көркемдік әлемінің сыры мен мазмұнының мәнін ашатын әдебиеттану ғылымының маңызды элементтерінің бірі болып саналады.

Қаламгер Ким Сың Ок «Сеул, 1964 жылғы қыс» әңгімесінде кездейсоқ кездесіп қалған үш кейіпкердің өмірінің сыр-сипаты мен олардың арасындағы байланыстың қалыптасу үдерісін шебер бейнелеу арқылы капиталистік қоғам тәрбиелеген адамдардың арасындағы қарым-қатынастағы қиындықтар мен кедергілерді, жалғыздық пен шарасыздық, пендешілік және т.б. мәселелерді тереңінен қозғайды. Әңгімедегі кейіпкерлердің әрқайсысы бірде жағымды, бірде жағымсыз қырынан ашылып, әр түрлі бейнеде танылып отыруына байланысты оларды жағымды немесе жағымсыз деп бөліп, топтау мүмкін емес.

Әңгіме қыстың қақаған суық түнінде бас кейіпкердің қосалқы кейіпкерлермен кездесіп, танысуын сипаттауымен басталып, соңына дейін бірінші жақта, яғни бас кейіпкер атынан баяндалады. Бас кейіпкер Ким дәмханада отырған кезде алдымен Ан есімді жігітпен танысады. Танысу барысында ол Анның ауқатты отбасының жиырма бес жастағы үлкен ұлы, Кимнің ойына да кіріп шықпайтын мамандықты игеріп жүрген магистрант студент екенін білсе, Ан өз кезегінде Кимнің де жиырма бес жасар, бірақ ауыл жігіті екенін, мектепті бітіріп, әскери училищеге оқуға тапсырғанымен емтиханнан

құлап, әскерге барғандығын және сол жерде жүріп соз ауруына шалдыққандығын, ал қазір болса аудандық басқармада әскери ісі бойынша хатшы қызметін атқарып жүргендігін біледі.

Танысу аяқталған соң олардың әрі қарай айтар ортақ әңгімелері болмай, біраз үнсіз ішімдік ішіп қана отырады. Үнсіздіктен өзін ыңғайсыз сезінген Ким басытқы ретінде қуырылған шымшық етін жейін деп оны қолына ұстаған сәтінде қандай әңгімені қозғауға болатындығы туралы ой келіп, келесідей әңгімені көтереді.

Ан, сіз шыбынды ұнатасыз ба?

Жоқ, осы күнге дейін... Ал, сіз жақсы көресіз бе?

Иә, өйткені олар ұша алады. Жо-жоқ, мен оларды тек ұша алатындығы үшін ғана емес, сондай-ақ, оларды қармағыма түсіре алатындықтан... Сіз ұшатын нәрсені ұстап көрдіңіз бе?

Қазір, ойланып көрейін. <...> Жоқ, мен де шыбыннан басқаны... (Ким Сың Ок, 2004: 260-261).

Екі кейіпкердің жоғарыдағы әңгімесін саралай келе жазушының әңгімеде шыбын тақырыбын бекер қозғамағанын байқаймыз. Мұнда шыбын – Ким мен Анның арасына қатынас орнатушы көпір болып қана қоймай, олардың өмір сүру тәсілін бейнелейтін құрал рөлін де атқарады. Екі кейіпкердің шыбыннан басқа ұшатын нәрсені ұстап көрмедік деулері – арманы мен мақсатына жете алмай, мәнсіз сүріп жүрген бейқам немесе шыбын жанды өмірлеріне көңілдері толмайтындықтарын білдіреді. Сондай-ақ, мұнда Кимнің шыбынды ұстай алатындықтан ұнатамын деуі – осындай ауыр өміріне қарамастан, әйтеуір бір нәрсені тындырып, тірі жүргендігіне шүкіршілік ететіндігін де көрсетеді.

Жазушы екі кейіпкер арасындағы байланысты әрі қарай өрбіту мақсатында «толқу» тақырыбында әңгіме қозғайды. Мұндағы «толқу» сөзі – тебірену, қызықтыру, түршігу, жыбырлап жүру, тыпыршу сияқты мағыналарда қолданылып, кейіпкерлердің жан-дүниесін толқындыратын күй-жағдайды сипаттайды. Алдымен Ан Кимнен: «толқуды ұнатасыз ба?», – деп сұраған кезде Ким: «Әрине, ұнатамын! <...> Естелік деген мейлі қуанышты болсын, мейлі қайғылы болсын адамның жанын тебірентеді. <...> Офицер боламын деген арманымнан қол үзіп, жабығуға түстім. <...> Сол кезде мені қызықтырған нәрсе – таңғы уақыттағы адамға лық толы автобус болды. <...> таңқаларлығы автобус ішінде бір сантиметрде болмайтын қашықтықта қасымда әдемі қыз тұратын... Арасында сол қыздардың қолына қолымды тигізіп, жамбас-санына сүйкеліп тұра алатындықтан бір автобустан екінші автобуска ауыса мініп, күні бойы қаланы шарлайтын-

мын...», «Орындықта отырған қыздың алдына барып тұрып, бір қолмен тұтқадан ұстап, басымды қолыма сүйеймін. Сосын алдымда отырған қыздың ішінің астыңғы бөлігіне көз жүгіртемін. <...> Неге екенін білмеймін, бірақ сол жас қыздың ішінің төменгі бөлігінің дыбыссыз қозғалып жатқанына қарасам жүрегім тебіреніп, жаным тынышталып қалады. Мен сол қозғалысты өте жақсы көремін» (Ким Сың Ок, 2004: 262), – деп жауап беріп, толқу сезімін бастан кешірген сәттерін баяндайды. Жазушы мұнда Кимнің ауылдан қалаға алғаш келгендегі ішкі сезім-толғаныстарын, жағдайын суреттеу арқылы қалаға жаңа келген барлық ауыл жастарының басынан кешіретін ахуалдар мен оларды толқындырып, тандандыратын күйлерді бейнелейді. Жазушы сонымен қатар, ауыл жастарының көздерінің жауын алатын шамы жарқыраған қаланың түнгі бейнесін, ғимараттардағы жарықтың ар жағында әрі-бері жүрген адамдарды, адамға лық толы автобуста болған жағдайды және осы көріністердің олардың өміріндегі қиындықтар мен күйзелістің мөлшерін төмендетіп, жанына рақат сыйлайтындығын шебер суреттеу арқылы Сеулдің объективті және субъективті бейнесін танытады.

Бас кейіпкерді тыңдап отырған Ан оның әңгімесін «тым жеңсікқұмар әңгіме екен ғой» (Ким Сың Ок, 2004: 262), – деп мінеп, шенейді. Өйткені, Ан үшін бұл көрініс әдепсіздік пен азғындықты, тәрбиесіздік пен мәдениетсіздікті білдіреді. Анның сынына ашуланған Ким оны әдепсіздік емес, шындық деп ақталады. Сонда Ан Кимнен осы екі сөздің бір-біріне қандай қатынасы бар екендігін сұрайды. Бұған Кимнің берер нақты жауабы болмай, екеуі қайта үнсіздікке көшеді. Біраз уақыттан кейін Ан Кимнің айтқанының толқудың бір түріне жататындығын түсінгенін білдіргенде Кимге қайта жан бітіп, Анды қандай нәрсе толғандыратыны туралы сұрайды. Ан: «Сеул әртүрлі құмарлықтың ортасы» (Ким Сың Ок, 2004: 263), – деп сол жерде болып тұратын шеруді ұнататындығын айтқанда Ким оны түсінбей, екеуі тағы бір сәтке үнсіз қалады. Бұл жолғы ұзаққа созылған үнсіздікке шыдай алмаған Ким: «келесіде тағы бір кездесерміз» (Ким Сың Ок, 2004: 263), – деп енді қоштасайын деген кезде Ан оған екеуінің әңгімесі өтірік әңгіме секілді сезілгендігін айтады. Мұны естіген Кимді тағы да ашу басып: «Бәлкім, сіз өтірік айтсаңыз айтқан шығарсыз, ал мен шындықты айттым» (Ким Сың Ок, 2004: 263), – деп долылық көрсетеді. Кейін Ан түсініспеушіліктен болған жағдайды еңсеру үшін әңгіменің тақырыбын ауыстыруды

ұсынады. Сөйтіп, екі кейіпкер өздерінің көптеген мәліметті білетіндіктерін бір-біріне көрсетіп қалу үшін бар көрген-білгендері туралы жарыса әңгімелейді. Екеуі біраз әңгімелескеннен кейін Ким Анның ауқатты отбасынан шыққанына және магистрант студент екеніне күдіктеніп, мынадай қақаған суықта неге осындай жүдеу жерде Ким сияқты жұпыны адаммен сөйлесіп отырғаны туралы сұрайды. Сонда Ан жылжымайтын мүлігі отыз миллиондай вон болатын әкесінің ауқаттылық деңгейіне дейін айтып, студенттік билетін көрсетіп, шынымен магистрант студент екенін дәлелдемекші болады. Сондай-ақ, жалдамалы бөлменің төрт қабырғасына тесіліп, телміреп отырғаннан гөрі осындай жерге келгені жақсы екендігін айтып, өзінің отбасынан бөлек, жалғыз тұратындығын білдіреді. Кейін Ан Кимнен суық түнде оның көшеде жүруінің себебін сұраған кезде Ким қалтасына ақша түскенде ғана сыртқа шығатындығын айтып, өзінің жұпыны тұрмыс-күйін әңгімелейді.

Жоғарыда берілген Ким мен Анның әңгімесін саралап қарайтын болсақ, жазушының екі кейіпкерді ауыл мен қала деген екі мекен адамдарының танымы мен ойлау үдерісінің, тәлім-тәрбиесі мен мәдениетінің айырмашылығын және индустрияландыру, кенттену кезеңіндегі қаладағы қиын өмір мен жеке адам психологиясын көрсету үшін арнайы мақсатпен кездестіріп, байланыстырғандығын байқаймыз. Мұнда ауылда өскен аңқылдақ, аңқау мінезді бас кейіпкер қандай әңгімені көтерсе де көбіне өз өмірінің қыр-сырымен байланыстыра отырып әңгімелейді. Бұл оның қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауды білмеуінен өзі өмір сүріп жатқан қоғамын жатсынып, өзінің жеке ойымен өз әлемінде тұйықталып өмір сүруіне байланысты. Бас кейіпкердің осындай қасиеттерін тек оның баяндаған әңгімесінен ғана емес, сондай-ақ, оның Анды түсінуге тырыспай, оның әңгімесіне немқұрайлы қарауынан да байқауға болады. Ал, қосымша кейіпкер Ан – білімді, талдағыш ақыл иесі ретінде Кимнің айтқаны туралы ойланып, толғанып, өз пікірін қызбалыққа салынбай білдіріп отырады. Ол Ким екеуінің арасындағы сұхбатта әңгімені өрбітуші рөлін атқарғанымен, өзінің жеке бас өмірінің жұмбақ сырын ашқысы келмей, жалпы тақырыптағы әңгімені қозғаумен шектеледі. Дегенмен, ол әңгіменің ортасында әкесінің ауқаттылық мәртебесін ескеріп кетуді ұмытпай, өзінің капиталистік заман тәрбиелеген өзімшіл, дүниешілдік қасиетін көрсетеді.

Кейін Ким мен Ан өздерінің әңгімелерін жылы жерге барып жалғастырмақшы болып,

дәмханада ішіп-жеген заттары үшін әркім бөлек-бөлек есеп айырысқалы жатқан кезде оларға жақсы киініп алғанымен, бет әлпеті кедей ортадан шыққан адамға ұқсайтын, орта жастағы бейтаныс бір кісі келіп, олармен бірге барғысы келетіндігін айтып, өтініш білдіреді. Ким бейтаныс кісіге «ішімдікке төлейтін ақшаңыз болса жүріңіз», ал Ан еш сұрақсыз «жүріңіз» (Ким Сың Ок, 2004: 269-270) дегенімен, екеуі оның солбыр келбетіне қарап, іштей алаңдап, жағымсыздықты сезінеді. Жазушының бұл жерде Ан мен Кимге бейтаныс бір кісіні серік етіп, олармен байланыстыруының басты мақсаты – оқиға желісін одан әрі өрбіте отырып, шығарма идеясын айқындай түсуде жатыр. Үшінші бейтаныс кейіпкер қалтасында ақшасы болғаны үшін ғана Ким мен Анның қатарына қосылуға мүмкіндік алуына орай, мұндағы ақша – кейіпкерлер арасын байланыстырушы буын ретінде көрініс табады. Жалпы, үш кейіпкердің арасындағы қарым-қатынас әңгіменің басынан-ақ ақшаның негізінде қалыптасады. Сондықтан, «бұл әңгімедегі «кейіпкерлердің қарым-қатынасын адами қарым-қатынас емес, саудалық қарым-қатынас деп айта аламыз» (Ким Со Ёң, 2009: 37).

Үш кейіпкер дәмханадан шыққан соң сыртта біраз жүреді. Олар жол бойынан телеграф бағанасында ілініп тұрған дәрі-дәрмек жарнама тақтасындағы әдемі қыздың суық болғанымен, амал қанша дегендей мұнды күлкісін, ғимараттың шатырында ілініп тұрған соджу (Кореяның ұлттық алкогольді сусыны) жарнамасын, көк мұз басқан жолда жұмыр тастардың үйіндісі сияқты топталып жатқан баспанасыз адамдарды, осы үйіндіге мән бермей, өз жолымен кетіп бара жатқан жолаушыларды, «әдемі қыздар, арнайы төмен баға» деп жазылған жарнама қағаздарын кездестіреді. Жазушы үш кейіпкер мен жол бойында кездестірген басқа да кейіпкерлер арасына байланыс орнатпаса да, оларды әңгімеге қосалқы кейіпкер ретінде қатыстыра отырып, көшедегі көрініс-бейнелерді асыра сипаттау арқылы өткен ғасырдың алпысыншы жылдарындағы қала бейнесін, ептеп-септеп жүрген жұрттың жағдайын, кедейлік пен жоқшылықты, ішімдік пен қыздар арқылы өмірлеріндегі қиындықтарын ұмытып, көңілдерін жұбатып жүрген адамдардың көргенсіздікке бой алдырған көрінісін әсерлі бейнелейді.

Біраз уақыттан кейін үшеуі жақын маңдағы қытай мейрамханасына тамақтануға барады. Сол жерде үшінші кейіпкер Ан мен Кимге Северанс ауруханасында жатып, микұрт ауруынан қайтыс болған әйелінің өлімі туралы мұнды әң-

гімесін баяндайды: «Былыр үйленгенбіз. Кездейсоқ таныс болдық. Туыстары Дэгуде тұратынын айтқанымен, бір ретте кездесіп көрмедім. Мен қайын-жұртымның үйінің қайда екенін де білмеймін. Сондықтан басқа амалым болмады. <...>Мен бар болғаны кітап сатушысымын» (Ким Сың Ок, 2004: 272), – деп бүгін қайтыс болған әйелінің тәнін ауруханаға сатып жібергенін, сол үшін төрт мың вон алып, енді сол ақшаны қалай жұмсарын білмей тұрғанын айтып, ақшаның барлығын жұмсап тастағанша оның қасында болуларын өтінеді. Ан мен Ким сол жерден кетудің амалын осы кісімен көріскен кезден бастап іздегенімен таба алмай, оның жалынып, өтінуіне орай, лажсыздан бірге болуға келісім береді. Мұнда үшінші кейіпкердің әйелі – оқиғаға тікелей қатыспай, эпизодтан тыс, қосалқы рөлді сомдағанымен үшінші кейіпкердің тұлғасын, іс-әрекетін таныта түсуде маңызды рөл атқарады.

Ким Сың Оқтың бұл әңгімесінен адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілік пен ықылас сезімін, адамдар арасындағы жақын, әрі жылы қарым-қатынасты байқай алмаймыз. Мұны әсіресе, үшінші кейіпкердің өз әйелін жақын тануға тырыспай, оның ата-анасының кім екенін білуге де қызығушылық танытпауынан, басқа шарам болмады деп оның мәйітін ақша үшін сатып жіберуінен көре аламыз. Кейін үшінші кейіпкер бірде: «әйеліме сый болсын» (Ким Сың Ок, 2004: 275), – деп галстук алып, бірде: «әйелім жақсы көретін еді» (Ким Сың Ок, 2004: 275), – деп мандарин сатып алып, қасындағыларға таратады. Алайда, оның бұл әрекеттері әйеліне деген шынайы сезімінің бар екендігін дәлелдей алмайды, керісінше, өзін айып-күнәдан таза ұстағысы келгендігін көрсетеді. Өзінің істеген ісі үшін өкінетін ол түнделетіп ауруханаға бармақшы болады. Сол кезде Ан: «Жоқ, болмайды. Мұныңыз орынсыз» (Ким Сың Ок, 2004: 275), – деп оны бөгейді. Сосын олар қайда барарларын білмей тұрған кезде олардың жанынан өрт сөндіру машинасы өтеді. Үшінші кейіпкер бірден такси ұстап, өрт машинасының артынан жүруді сұрайды. Сөйтіп, олар өрт шыққан жерге келіп, алаулап жанып тұрған өртті отшашу секілді тамашалайды. Сол жерде Ан Кимге: «Өрт деген түк те емес. <...> Бұл өрт сіздікі де, менікі де, ағайдікі де емес. Сондықтан, өрт мені қызықтырмайды. Ал сіз қалай ойлайсыз?» (Ким Сың Ок, 2004: 278) деген кезде Ким: «сіздің ойыңызбен келісемін» (Ким Сың Ок, 2004: 278), – деп жауап қатады. Мұндағы өрт – сол жердегі адамдардың барлығының жеке бастарының мәселесін білдіреді. Ким мен Анның өрт біздікі емес, ол өзіне өзі тән

деуін – әркімнің өз мәселесі өз басының ауруы болғандықтан, онымен басты бекер ауыртудың қажеті жоқ дегенді білдіреді деп қарастырамыз.

Бір уақытта үшінші кейіпкер: «Менің әйелім! <...> Менің жұбайым басын шұлғып тұр. Басы сынып бара жатқандай ауырғандықтан басын шайқап жатыр» (Ким Сың Ок, 2010: 277), – деп өрт жаққа саусағын нұсқайды. Мұны байқаған Ан ол кісіні тыныштандыруға тырысады. Біраз уақыттан кейін сол жерде жүрген адамдар өрт жаққа аппақ бірнәрсенің ұшып бара жатқанын көреді. Кейін екі кейіпкер ағайдың ақшаны өртке лақтырып жібергенін біледі. Мұнда үшінші кейіпкер өрттің жалынын өзінің әйелі деп ойлап, оған ауруханадан алған ақшасын қайтарып беріп, оның алдындағы кінәсін жуып-шаймақшы болады. Ағайдың ақшасының таусылғанын түсінген Ан: «Ақыры ақшаны жұмсап бітіріптік қой... Берген уәдемзді орындадық. Ал енді біз қайтайық. Сау болыңыз» (Ким Сың Ок, 2010: 278), – деп қоштаспақшы болғанда, ағай: «Мен жалғыз қалуға қорқамын» (Ким Сың Ок, 2010: 278), – деп түнді бірге өткізулерін өтінеді. Ағайдың Ан мен Кимге жалғыз қалудан қорқамын деп олардан тағы да бірге болуларын сұрауы – өзінің мәселесін өзі ғана арқалай алмайтындықтан, басқалармен қайғысымен бөлісе отырып, өзіне қорғаныш іздемекші болғандығын білдіреді.

Енді ақшасыз қалған ол шағын қонақүй ақысын төлеу үшін қарызын алуға бір кісінің үйіне барып, оны қайтармақшы болады. Бірақ оның бұл әрекеті сәтсіз аяқталып, ақырында қонақүйге жол тартады. Мотельге келген соң Ан әрқайсысына бөлек бөлме алғандары дұрыстығын айтқанда, Ким ағайды уайымдайтындықтан барлығына бір бөлмені жалдауды ұсынады. Сонда Ан: «мен шаршап тұрмын», «жалғыз ұйықтаған ыңғайлы болар» (Ким Сың Ок, 2010: 284), – деп үш бөлмені жалға алып, үшеуінің ақысын өзі төлейді. Мотельге келген кездегі Ким мен Анның әрекетін жеке талдайтын болсақ, олардың ішкі қасиеттерін аша аламыз. Ким мұнда топтасып жүруді ұсыну арқылы ауыл адамдарының қоғамдастығын көрсетсе, Ан жеке болуды таңдау арқылы қалалықтардың жеке даралықты таңдайтындықтарын көрсетеді.

Жазушы бас кейіпкердің қонақүйдегі келіп-кетушілер кітапшасына есімі мен мекен-жайын, жасын және т.б. жалған жазуын, Анның ерте-сі күні Кимді оятып: «ойлағанымдай-ақ, ол кісі жан тапсырыпты» (Ким Сың Ок, 2010: 285), – деп біле тұра еш әрекет істемеуін суреттеп, олардың капиталистік, эгоцентрилік қоғамның мүшесі екендігін тағы да айқындап көрсетеді.

Сондай-ақ, Анның Кимге: «Әлі ешкім білмейтін сияқты. Бәрінен бұрын тезірек тайып тұрғанымыз жөн болар» (Ким Сың Ок, 2010: 285) деуі – олардың адамгершіліксіз бен ізгіліксіздік сияқты жағымсыз қасиетін айқындайды.

«Ким Сың Октің алғашқы шығармашылығында қаза болу мен өзін-өзі өлтірушілік жиі кездесетін құбылыс. Оның кейіпкерлері өмірдегі азапты жеңудің тәсілі ретінде өз жандарын өздері қиюды таңдап отырады» (Пак Ын Джун, 2005: 51). Сол секілді жазушының бұл шығармасындағы үшінші кейіпкер, бейтаныс ағай екі кейіпкермен қарым-қатынас жасау арқылы өзінің күйзелісін жеңбекші болады. Алайда, ол екеуімен жақын байланыс орната алмай, жалғыздық пен өгейлікті сезініп, ақырында өзіне өзі қол жұмсайды.

«Кейіпкер (әдеби қаһарман) – көп жағдайда адам кейпінде көрінетін сюжетті көркем шығарманың әрекет етуші тұлғасы» (Зотов, 1991: 6) болып табылады. Алайда, соған қарамастан жануарлар мен жәндіктер де кейіпкер бола алады. Сондықтан Ким Сың Ок үшінші кейіпкердің өлімінен кейін құмырсқаны оқиға желісіне қатыстырып, бас кейіпкермен байланыстыру арқылы адамның жаны өлмейтіндігін, оның бұл дүниеге басқа кейіпте қайта оралатындығын бейнелейді. Бас кейіпкер сол құмырсқаның оған қарай бағыттталып бара жатқанын көріп, жағымсыз сезімді сезінгендіктен басқа жерге шегінеді. Осылайша, бас кейіпкер үшінші кейіпкермен байланыс орнатқысы келмейтіндігін көрсетеді. Ақырында екі кейіпкер тездетте қонақүйден шығып, одан алыстаған кезде бір-бірімен қоштасып, әрі қарай өз жолдарымен бөлек кетеді.

«Ким Сың Ок шығармашылығынан модернистік даму тұсындағы әлеуметтік ортадан жатсынатын кейіпкерлер мен қарым-қатынас дағдарысын бастан кешіретін кейіпкерлерді көптеп кездестіруге болады» (Джоң, 1986: 228), – деп Джоң Мун Гиль жазғандай, жазушының бұл әңгімесіндегі кейіпкерлер өздері өмір сүріп жатқан қоғамды жатсынып, жалғыздық дертін, қарым-қатынас пен байланыстағы дағдарыстар мен қиындықтарды бастан кешіреді. Мұндағы кейіпкерлер сезінген «жалғыздық – бұл қасында ешкімнің болмауында емес, өзіне маңызды деген нәрсені басқаларға жеткізе алмауда немесе жанын ұғатын пікірлес, мүдделес адамның болмауында» (Юнг, 2003: 341). Шығармада берілгендей кейіпкерлердің заман талабына сай материалдық құндылықтарға көп мән беруі әркімнің өзінің қара басын ғана ойлайтын индивидуализм мен эгоизм мәселесін тудырды. Ал ол өз кезегінде адамдардың моралдік-психологиялық,

әлеуметтік құндылықтарына залалын тигізіп, рухани-адамгершілік дағдарысына ұшырауға алып келді.

Жоғарыдағы мәселелерді қорытындылайтын болсақ, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесінің шығарманың көркемдік әлемінің сырын, мазмұны мен мәнін, заман оқиғасын және осы оқиғаларға деген автордың ұстанымы мен көзқарасын, идеясын айқындауда маңызды

рөл атқаратындағын байқаймыз. Ким Сың Ок өзінің «Сеул, 1964 жылғы қыс» әңгімесіндегі кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты, байланысты жүйелі түрде зерделеп, баяндауы арқылы өткен ғасырдың екінші жартысының алғашқы кезеңінде Корея елінде орын алған ауқымды, әрі өткір мәселелердің шынайы көрінісін әр қырынан көрсете отырып, тереңнен суреттейді.

Әдебиеттер

- 1 Есин А.Б. Принципы и приемы анализа литературного произведения: учеб. пособие. 3-е изд. – М.: Флинта, Наука. – 2000. – 248.
- 2 Гуськов В.В. Кто раскрутил Красное Колесо? Система персонажей исторической эпопеи А.И. Солженицына «Красное Колесо». – Благовещенск: Изд-во БГПУ. – 2010. – 228.
- 3 Джоң Мун Гиль. Жатсыну мәселелері. – Әдеби және зияткерлік тарих баспасы. – 1986. – 319.
- 4 Зотов С.Н. Основы анализа системы персонажей литературно-художественного произведения (материалы к курсу «Теория литературы»). – Таганрог: ТГПИ. – 1991. – 27.
- 5 Ким Сың Ок. Муджинге саяхат (Ким Сың Оқтың әңгімелер жинағы). 1-ші баспа. Мунхак тоңне баспасы. – 2004. – 440.
- 6 Ким Со Ёң. Ким Сың Ок романдарындағы қосалқы кейіпкерлер. – Сеул Ұлттық Технологиялық Университеті. – 2009. – 11.
- 7 Пак Ын Джун. Ким Сың Оқтың қысқа романдарындағы кейіпкерлерді зерттеу. – Мокпо университеті. – 2005. – 88.
- 8 Чон И Ду. Болмыстың жалғыздығы. Үшінші ұрпақ корей әдебиеті. – Самсунг баспасы. – 1983. – 425.
- 9 Юнг К.Г. Воспоминания, сновидения, размышления. – Мн.: Харвест. – 4-е изд. – 2003. – 496.

References

- 1 Esin A.B. Principy i priemy analiza literaturnogo proizvedeniya: ucheb. posobie. 3-e izd. – M.: Flinta, Nauka. – 2000. – 248.
- 2 Gus'kov V.V. Kto raskrutil Krasnoe Koleso? Sistema personazhej istoricheskoy jepopei A.I. Solzhenicyna «Krasnoe Koleso». – Blagoveshhensk: Izd-vo BGPU. – 2010. – 228.
- 3 Dzhon Mun Gil'. Zhatsynu məseleleri. – Әдеби және зияткерлік тарих баспасы. – 1986. – 319.
- 4 Zotov S.N. Osnovy analiza sistemy personazhej literaturno-hudozhestvennogo proizvedeniya (materialy k kursu «Teorija literatury»). – Taganrog: TGPI. – 1991. – 27.
- 5 Kim Syng Ok. Mudzhinge sajahat (Kim Syng Oqtyn әңgimeler zhinafy). 1-shi baspa. Munhak toңne baspasy. – 2004. – 440.
- 6 Kim So Joң. Kim Syng Ok romandaryndaғы qosalky kejiplerler. – Seul Ylttyk Tehnologijalyk Universiteti. – 2009. – 11.
- 7 Pak Yn Dzhun. Kim Syng Oqtyn qysqa romandaryndaғы kejiplerlerdi zertteu. – Mokpo universiteti. – 2005. – 88.
- 8 Chon I Du. Bolmystyn zhalғyzdyғы. Yshinshi ұrpaқ korej әdebieti. – Samsung baspasy. – 1983. – 425.
- 9 Jung K.G. Vospominaniya, snovideniya, razmyshleniya. – Mn.: Harvest. 4-e izd. – 2003. – 496.